

📖 *Ғұлама Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер* 📖



Аты аңызға айналған дара тұлға – Абай Құнанбайұлының туғанына биыл 175 жыл. Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығына сәйкес ұлық мереке республикалық деңгейде аталып өтуде. Сәкен ордамыз да бұл іс-шаралардан қалыс қалмай, жоспарлы түрде жұмыс жүргізілуде. Айталық, оқу ордамыздың кітапхана жанында «Ғұлама Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер» атты көрме өтуде. Көрмеге келген оқырман ақынның туындыларымен сусындап, өмірбаянымен кеңінен танысып, «Абай жолымен» жүріп, «жүрегінің

түбіне терең бойлай» алады. Көрме жайында толығырақ кітапханашы әрі жас маман Аякөз Өмірзақпен сұхбаттастық:

- Абайдың 175 жылдығына арналған «Ғұлама Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер» атты көрме ұйымдастырып жатыр деген хабарды ести сала, сұхбат жүргізуді жөн көрдік. Жалпы идея авторы кім?

- Бұл көрмені кітапхана қызметкерлері келісіп, ұйымдасып жасаған болатын. Бұл да біздің кітапхананың Абай атамыздың мерейтойына жасап жатқан іс-шараларға қосқан үлесі.

- Көрме қашан басталды және қай уақытқа дейін созылмақ?

- Көрме алғаш қазан айында жасалған. Кейіннен осы жылдың басында көрме тақырыбы ауысып, бірнеше мағлұматтармен толықтырылды. Көрме осы оқу жылы аяқталғанға дейін созылмақ.

- Мұндағы құнды кітап-журналдар қорын қайдан жинақтадыңыздар?

- Барлығы өзіміздің кітапханамыздан алынған мәліметтер.

- Абай шығармашылығына қызығушылар саны көп пе?

- Иә, біздің студенттеріміздің қызығушылығы өте жоғары. Оны челленджге қатысқысы келетін студенттерімізден байқасақ болады.

- «Челлендж» деп айтып қалдыңыз. Осы туралы айтып өтсеңіз.

- Абай атамыздың өлеңдерін оқып, оны келесі бір адамға жолдау кеңінен таралуда, өзіңіз де білесіз. Біз де челленджді қолдау мақсатында студенттерді осы челленджге қатысуға шақырып, олардың видеоларын инстаграмдағы парақшамызға салып жүрміз. Челленджді жалғастыруға ниет білдірушілер саны күн санап артауда.

- Сұхбат үшін үлкен рақмет! Жастар арасында Абай атамызды насихаттауға қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамыз!



Сонымен қатар 5-ақпан күні ВЖМШТ факультетінің «Биология ғылымдары» кафедрасында «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» атты Абай оқулары болып өтті. Биология ғылымдарының докторы Айгүл Ғазизова мен аға оқытушылар Алмагүл Акимбекова, Айгүл Тожыбаева, Нұргүл Барлыбаева ұйымдастырған байқау 3 номинациядан тұрды. Алғашқы кезеңде ақын өмірбаяны презентация түрінде таныстырылса, 2-кезең ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, 3-кезең Абай Құнанбаевқа арнау жазған жас ақындардың мүшәйрасына ұласты. Бас-аяғы 25 студент қатысып, оның 8-і Абай мұрасын насихаттауға қосқан үлесі үшін алғыс хатпен марапатталды. Екінші кезең

қорытындысы бойынша 1-орынды ветеринариялық медицина мамандығының 2-курс студенті Жамила Камильева, 2-орынды осы мамандықтың 1-курс студенті Юлия Чернявская, Ақерке Оңғарбаева иеленсе, 3-орынды Ердаulet Қақан, Асқар Бойрабеков, техникалық факультеттің 1-курс студенті Ғани Оралбаев бөлісті. Ал жас ақындар мүшәйрасынан 1-орынды ветеринариялық медицина мамандығының 1-курс студенті Милана Сыздыкова, 2-орынды осы мамандықтың 1-курс студенті Бакжанар Әбдірашид, 3-орынды 1-курс студенті Аяжан Еділбекова жеңіп алды.

Дәл осы күні «Истоки» клубының ұйымдастыруымен Қ.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы аясында «Ұлы халықтың ұлы Абайы» дөңгелек үстелі өтті. Дөңгелек үстелге Нұр-Сұлтан қаласы Жастар ісі мәселелері басқармасының басшысы Дәулет Кәрібек, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Үкібай Нұрпейісов, «Жас Отан» Жастар қанаты Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Бақдәулет Жанділде, Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданы «Жас Отан» Жастар қанатының төрағасы Сержан Есжанов, тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Әйгерім Кукеева және елордамыздағы ЖОО-ның белсенді жастары қатысты.

Дөңгелек үстелде жастар қауымын ақын шығармашылығына қызықтыра отырып, кеңінен насихаттау мақсатында іс-шаралар өткізу қажеттілігі айтылып, өз ойларын ортаға салды. Барлық ЖОО-ның белсенді жастары жаңа масштабты іс-шаралар мен жобалар атқару ниетін білдірді.

Ал ақпан айының 11-жұлдызында «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Кеште «Ақ желкен» студенттік театрының студенттері Гүлім Құлжа, Қойшыбаев Ернар, Сабит Аружан, Ержан Сабыр ақынның қара сөздері мен өлеңдеріноқып, «Шабьт» ұлт аспаптар оркестрінің домбырашылары Құрманғазының «Балбырауын» күйін төгілте орындады. «Шаттық» би ансамблінің мың бұралған бишілері де өнер көрсетті. «Көзімнің қарасы» әнін 175 студент құлақ құрышын қандыра орындап шықты. Жиналған жұрт көтеріңкі көңіл-күйде тарасты.

Абай – аңыз тұлға. Әлемнің 111 тіліне аударылған шығармаларының басты мақсаты – ұлтыналға жылжытып, көкжиек көзін ашу еді. Жастарды сынап отыра, ақыл айтуы – болашақ қазақ қоғамын құрушы қауым ретінде тануы еді. Абай тақырыбы – өлмейтін, өшпейтін тақырып. Ол ғасырдан ғасырға жалғасып, өз мағынасын жоғалтпайды. Елбасы «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» деген-ді. Абайды дәріптер ұрпағы барда, ол мәңгі қазақпен бірге жасамақ.



Ұлы Абайға – 175 жыл

Ақпанның 7 жұлдызында Қазақ және орыс тілдері кафедрасының оқытушылары Гүлнар Омарова, Айнұр Алдабергенова, Асия Альбекованың ұйымдастыруымен «Ұлы Абайға – 175 жыл» ашық тәрбие сағаты өткізілді. Шара барысында «Литературная гостиная» клубының мүшелері өнер көрсетті. Аяжан Еділбекова «Маңдайда жарқырайтын ақын», Көркемай Алпысбай «Абай өнегесі» арнауларын оқыса, Жансая Калиева Абайдың өлеңін үш тілде оқыды. Ал Алихан Тақымжан «Көзімнің қарасы» әнімен көпшіліктің құлақ құрышын қандырды. Сонымен қатар ақынның «Қара сөздері» оқылып, студенттер өзара оның мән-мағынасын ашуға тырысты.

Жалпы университетімізде өтіп жатқан Абай мерейтойына арналған іс-шаралардың негізгі мақсаты – ақынның өмірі мен шығармашылығын халыққа кеңінен тарату. Абайды тану – әр қазақтың парызы.

Үкілім Молдабай, «New Press» тілшісі

Ұлылардың ұлысы – Абай

*Орыс ұлты үшін – Пушкин, ағылшындар үшін – Шекспир,
грузиндер үшін – Руставели қандай ұлы құбылыс болса,
қазақтар үшін Абай да сондай теңдессіз құбылыс*

(Қ.Кулиев).



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

Хәкім Абай мұрасын елімізде кеңінен насихаттау мақсатында, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын атап өту кең ауқымда тойлануда. Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 175 жыл бойы өмір сүріп келеді.

Күні кеше Сәкен ордамызда өткен «*Көшбасшы*» танымдық клубының ұйымдастыруымен «*Ұлылардың ұлысы – Абай*» атты интеллектуалдық сайысы өтті.

Сайыс арқылы ұлы ақынның балалық және жастық шағын, өскен ортасы мен ақындығын, композиторлығын таныту. Оның шығармаларын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлықты арттыру. Сайысқа әр факультеттен 11 студент 5 кезең бойынша бақ сынады.

Әр кезеңнен сүрінбей өткен қатысушылар өздерінің қабілеттерін көрсете білді. Әділ қазылардың қорытындысы бойынша ұпай сандары есептелініп сайыста жүлделі ІІІ орынды Энергетикалық факультетінің студенті *Назерке Құрманғазықызы* алып, ал ІІ орынды *Азамат Ергали* иемденсе, жүлделі І орынды Узраид факультетінің студенті *Аяулым Абай* жеңіп алды. Сайысқа қатысқан барлық студенттерге алғыс хаттар табысталып, жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан арнайы диплом және ұлы ағартушының сөздері жазылған кітапшалар және естелік сыйлықтар таратылды.

Назерке Құрманғазықызы, «New Press» тілшісі



«Әл-Фараби және қазіргі қазақстандық философия» атты республикалық форумы



24-ақпан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Философия кафедрасы мен «Мәңгілік ел» студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен «әл-Фараби және қазіргі қазақстандық философия» атты Шығыс ғұламасының 1150 жылдық мерейтойына арналған Республикалық форум өтті.

Іс-шараға республикамыздың бірнеше қалаларынан ғалымдар, фарабитанушылар, студенттер және БАҚ өкілдері қатысты. Жастардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары теориялық

дайындығын көрсететін 30-дан астам баяндамалар ұсынылды. Форум барысында рухани сабақтастық астарында әл-Фарабидің еңбектерін зерттеудің ғылыми, әдіснамалық және практикалық мәселелері, орта және жоғары білім жүйесінде фарабитану мәселелерін енгізу сұрақтары талқыланды. ҚазАТУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Е.Е. Мұханбетқалиев «әл-Фараби мен Абай үндестігі» атты баяндамасында ұлы ғұламалардың дүниетанымында, кейбір ой-пікірлерінде байқалатын сабақтастықтарға тоқталды: *«әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын іздегенде ең бірінші екі ойшыл көп мән беретін жан қуаты немесе Абай сөзімен айтқанда өзін-өзі танымақтық деген түсініктер көңіл аударарды. Адамның өзін-өзі тану жөніндегі пікірлер философия ғылым ретінде, ой жүйесі ретінде бөліне бастаған кездерден бастап-ақ пайда болды. Ұлы ғұламалардың ешқайсысы да бұл мәселені аттап өте алмады. Себебі, адамзат тарихында философияға қаншама анықтама берілгенмен оның негізгі зерттейтін, зерделейтін заты адам, адам өмірі, оның басқа да табиғаттан ерекшелігі және тағы басқа адамға байланысты мәселелер болды. Әрине, әл-Фараби де бұларға ерекше көңіл бөлді»*.

Үздік жұмыстар дипломдармен марапатталды және форумның жинағында жарияланатын болады. Сондай-ақ форумның қорытындысы бойынша «Сейфуллин оқулары-16» республикалық конференциясына баяндамалар ұсыну бойынша ұсыныстар жасалды.



Облачные технологии в современном образовании



В настоящее время облачные технологии стали наиболее актуальны в связи с мощным развитием аппаратного обеспечения, расширения и ускорения каналов передачи данных. «Облачные технологии» в области образования представляют собой совокупность программного и аппаратного обеспечения, благодаря которому обеспечивается передача и обработка информации.

Применение облачных технологий, исключает необходимость хранения и передачи информации посредством физических носителей, таких как флеш-накопитель или внешний жесткий диск, тем самым препятствуя распространению вредоносных

программ (вирусов) между компьютерами. Для этого достаточно поместить нужную для вас информацию в «электронное облако» и при необходимости вы легко найдете в виртуальном хранилище все ваши файлы из любой точки света и с любого устройства с помощью сети Интернет.

На кафедре «Вычислительная техника» данная технология успешно протестирована и активно используется профессорско-преподавательским составом. Преподаватели оценили удобство использования и возможности «облачной технологии» с положительной стороны.

«Облачные технологии» в образовании являются новыми возможностями, предполагающими распределение, удаленную обработку, хранение определенной информации. Использование облачных технологий в образовании позволяет преподавателям и сотрудникам университета экономить материальные ресурсы на приобретении оборудования и постоянном обновлении программного обеспечения.

Применение «облачных технологий» в образовании с использованием интернет возможностей пока только набирает обороты. Причиной такого медленного внедрения в образовательный процесс является то, что далеко не все педагоги умеют пользоваться преимуществами Интернета в необходимом объеме.

Многие преподаватели считают, что применение «облачных технологий» - это очень трудоемкий процесс, и потому стараются не использовать эти дополнительные возможности в своей работе, однако их опасения абсолютно напрасны. Для современного преподавателя особенно важно «электронное облако» для хранения, передачи документации и использования ее в образовательном процессе.

Приведу несколько примеров применения таких технологий в повседневной образовательной деятельности. Одна из возможностей, это обмен файлами между сотрудниками без использования физических носителей информации, что препятствует распространению вирусов. При проведении занятий или презентаций при помощи проекционного оборудования у преподавателя нет необходимости записывать необходимый материал на флешку или на компьютер (ноутбук), он может брать файлы из своего электронного хранилища. Преподаватель также имеет возможность предоставлять общий доступ к учебным и методическим материалам коллегам, студентам, группам обучающихся. Область применения «электронного хранилища» очень обширна, но главное это более быстрый и оперативный доступ к информации.

В заключение можно сделать вывод, что «облачные технологии» на фоне информатизации образования, активно внедряемые в методическую работу и учебный процесс, позволяют облегчить работу руководителей и профессорско-преподавательского состава.



*Евгений Назаров,
Программист Департамента информационных технологий*

ҚазАТУ жастары «Еріктілер жылына» дайын ба?

Былырдан бастап біздің қоғамымызда жастарға ерекше көңіл бөлініп, оларға айқын идеяларын ашық айтуға жақсы мүмкіндіктер берілді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. Осылайша игі істер тізгінін көкірегі ояу, жүрегі мейірімге толы жастарға ұстатты.

Еріктілік – жастардың бойында азаматтық позицияны, патриоттық сезімді оятатын бағыттардың бірі. Ерікті болу арқылы біз жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің Отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бейжай қарамай, оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын бірден-бір платформа деп айтсақ болады.

Бұл жайында оқу ордамыздың еріктілерінен құралған «Көмек» ұйымының төрағасы Дамир Дандешұлымен сұхбаттастық. Оның ойынша, еріктілік еліне адал қызмет етуде бірден-бір септігін тигізеді. Бұл жастардың қолынан келгенше әртүрлі орталықтарда жұмыс істеп, студенттік уақытын тиімді пайдалануға, сонымен қатар тәжірибе жинақтап, мейірімділікке кенелетінін айтты. Дамир үшін еріктілік еркін және адал қызметкер болуға, елінің патриоты ретінде еңбекқорлыққа баулиды деп сенеді. Университет «Көмек» еріктілер ұйымына бар мүмкіндікті беріп, әрқашан қолдау көрсетеді. Ерікті ретінде қай жұмысты бастаса да, оларға сеніп, жеткен жетістіктеріне қуанып, жаңа мүмкіндіктер сыйлайтынына дән риза. Сонымен қатар Дамир университетімізде еріктілер саны көп екенін, әрі жоспардан тыс жұмыстарды атқарып жүргені жайлы айтты. Қазіргі таңда ұйымда 130 ерікті, одан бөлек екінші құрамда 180 ерікті жұмыс жасап жатқанын білдік. Жас волонтердің мақсаты – студенттердің бойындағы қайырымдылық қасиетті оятып, көмек қолын созуға тәрбиелеу.

Ұйымның «Еріктілер жылына» арналған жоспары өте көп. Осыған орай «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасы құрылды. Дамирдің сөзіне сенсек, балалар үйінен бастап, әлеуметтік мекемелерде және әртүрлі шаралар барысында волонтер болған студенттер сыйақы алатын болады. Бұл жобаға университетіміздің ерікті студенттері белсенді қатысуда. Қазір олар 5 бағыт бойынша жұмыс атқаруда: әлеуметтік, тілдік, шығармашылық, экологиялық, ақпараттық-әлеуметтік технологияларды меңгеру.

Сонымен қатар 2020 жылдың 25 қаңтары күні С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың «Көмек» ұйымы, экоеріктілер, белсенді жастар мен қызметкерлер #Бізбіргеміз челленджін қабыл алып, университет аймағында қар күреу жұмыстарын өткізді. Жастар қаланың бірнеше көшелерін қалың қардан тазартып, қоғамға біраз пайдасын тигізді. Осылайша университетіміздің факультеттері челленджі бір-біріне жолдап, қайырлы қозғалыстың ауқымын одан есе кеңейткен.

Сөз соңында Дамир өз ойын Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен аяқтады: «Жастар ақша үшін емес, елі үшін жұмыс атқаруы керек». Дәл осы сөздер мені қанағаттандырып, ерікті болып жұмыс жасап, еліме көмек беруіме үлкен жігер береді» - дейді мақсаты айқын жас волонтер.





«Адалдық алаңы» атты ашық сұхбаттасу өтті

2020 жылдың 20-21 қаңтары күндер аралығында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің топ басшыларына, «Саналы ұрпақ» студенттік ұйымының мүшелеріне арнап «Адалдық алаңы» атты ашық сұхбаттар мен кездесулер ұйымдастырылды.

Жиынның басты мақсаты студенттерге жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу және олардың жолын кесу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн тәртібі және қоғамның ауыр дертіне айналды.

Кездесуге арнайы шақырылған қонақтарымыз: Нұр-Сұлтан қаласы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасының бірінші орынбасары Ж.Ж.Жылқышиева, Нұр-Сұлтан қаласы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің ақпараттық-насихаттау штабының мүшесі Е. Иргебай және университетіміздің «Экономикалық негізі мен құқық» кафедрасының аға оқытушысы И.К.Амерханова, Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры А.А.Кукеева, «Саналы ұрпақ» студенттік ұйымының жетекшісі Г.Е.Байдалина және Студенттік Парламент ұйымының белсенділері қатысты.

Сұхбаттасу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы ақпарат берілді.

Топ басшылары ашық сұхбаттасуға белсенді қатысып, қызықты сұрақтар қойып, келген қонақтарымызға алғысын білдірді.



Вальс биімен тамсандырды

Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқов болса, ал С.Сейфуллин атындағы ҚАЗАТУ қаңтардың 24-ында жатақханалар арасында өздерінің би патшасын анықтады. Өнер және шығармашылық факультеті алғаш рет ұйымдастырған «Вальс кеші» байқауында №2Б, №5, №7 және №8 жатақхана студенттері өнерлерін өзара сарапқа салды.

Қысқы демалыстан келе сала қатысушы командалар бірден дайындықтарын бастап кеткен. Олар бұл жағдайда жатақхана меңгерушілерінің көмегі қатты тиді дейді. Жас бишілер күнде қазақ вальсінің қыр-сырын меңгеріп, байқаудың басталуын асыға күткен. Олардың арасында вальс биін бірінші рет үйреніп отырғандар да бар екен.

Жалынды жастардың өнер көрсетуі әділ қазылардың ерекше бағасына ие болған. Төрешілердің құрамында «Елорда жастары-2019» сыйлығының иегері, Президенттік оркестрінің би солисі - Асель Алибекова. Астана қаласы әкімдігінің мемлекеттік академиялық филармониясының «Шалқыма» би ансамблінің балетмейстері, балет әртісі Индира Габдрахманова. Қазақстан Республикасының хореография одағының мүшесі Руслан Кензикеев.

Сонымен қатар кешке арнайы «Sky Dance» би тобы қонаққа келген болатын. Өздерінің кәсіби биші екендерін қалың жұртшылық алдында бір дәлелдеп кетті. Айта кетейік, бұл құрама республикалық және халықаралық сайыстардың лауреаттары.



Сайыс ұйымдастырушылары көрермендердің көңілін аулауды да ұмытпаған. Жүргізушілер оларға кеш тақырыбына байланысты түрлі сұрақтарды қойып, дұрыс жауап бергендерге арнайы сыйлықтар табыстады.

Вальс кешінің қорытындысы бойынша жүлделі үшінші орынды №5 жатақхана иеленді. Екінші орынды №7 жатақхана қанағат тұтты. Ал №8 жатақхана бірінші орынды алып, №2Б жатақханасы бас жүлде – Гран-приді қанжығаға байлады. Олар бағалы сыйлықтар мен арнайы дипломдармен марапатталды.

Осылайша көрермендерге де, қатысушыларға да керемет әсер сыйлаған бұл кеш жайдарлы көңіл күймен аяқталды.

Бейбарыс Сұлтан, «New Press» тілшісі



Өз ішіндегіні құлыптауға болмайды, оның кілтін тап...



Данияр Манарбеков – С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың энергетикалық факультетінің «Электрмен жабдықтау» кафедрасының магистранты, университет қабырғасында құрылған «Ақжелкен» студенттік театрының белсенді түлегі.

- Театрға деген қызығушылығыңыз қашан басталды?

- Семей қаласында колледжде оқып жүрген кезімде ҚР еңбек сіңірген қайраткері Тұрсынғазы Рахимов Қазақ хандығының 550 жылдығына орай студенттік театр құру мақсатында кастинг өткізді. Мен сол кастингке қатысып, театр құрамына кірдім. Сол кісінің арқасында театрға деген қызығушылығым артып, өзімді жаңа қырымнан көре бастадым.

- Ал «Ақжелкен» театрына алғаш қадам басыңыз қалай болды?

- Студенттік жылдарымда ЖІЖК мүшесі де болдым, студенттік кеңес құрамында да болдым. Бірақ мен өзімді тек театрдан ғана көре алдым. Жан дүниеме керек азықты сол жерден ғана таба алатынымды білдім. Сөйтіп жүріп, 2016 жылы «Ақжелкен» театры жайында естіп, 2 күн кастингтен өтіп, театр құрамына актер болып қабылдандым.



- Театрдағы міндетіңіз қандай болды?

- 2018 жылы біздің жетекшіміз Айгүл Баядилова жұмыстан кетті. Топ құрамындағы балалар одан кейін топтан шыға бастады. Сосын Наурызбай екеуміз Вахитов Нұрфат мырзаның көмегімен қайтадан студенттерге кастинг өткізіп, 20 шақты адам қабылдап алдық. Осылайша театрдың өмірін қайта жаңғырттық. Мен өзім староста міндетін атқардым.

- Өнердегі үлгі тұтатын адамыңыз кім?

- Мен өнер адамы болғандықтан әрқашан шабыт іздеп, өзіме үлгі болатындай ерекше жанды іздеймін. Бұл жағдайда Нұрфат Вахитовты айтар едім. Ол осы күнге дейін жастарға мол тәлім беріп келеді. Мен әлі күнге дейін театрға жаңадан келген балаларға былай деймін: «Нұрфат мырзаны әрқашан тыңдаңдар. Оның әр сөзіне мұқият болып, әр ісінен тәжірибе алуға тырысыңдар».

- «Ақжелкен» театрының құрамында жүріп қандай жетістіктерге жеттіңіз?

- Жеке жетістігім деп айта алмаймын, бұл – топтың жетістігі. Университетіміз ұйымдастырған «Бабалар жолы» конкурсында «Үздік режиссура» номинациясын жеңіп алдық. 2018 жылы Өскеменде өткен «Ұлы өнер – ұлт жаңғыруы» байқауында Гран-при иегері атанып, 2019 жылы да «Үміт» фестивалінде бас жүлдемен марапатталдық. Біз үшін басты жеңіс ол – әрдайым Гран-при жеңіп алу емес, әр байқауға қатысқан сайын театрлармен тәжірибе алмасу.

- Жалпы сізге қандай рөлдерді сомдаған қызық?

- Бұл сұрақты ойланyp көрмейпін енді. Жағымды ма, жағымсыз ба, ол жағы мен үшін маңызды емес. Комедия жанрындағы рөлдер жанымға жақын. Қызықты образдар десем – дұрыс болар. Сол қызықты образдар арқылы актер өзін жаңа қырынан таныта алады. Әрбір жаңа образ – жаңа ізденіс. Негізі рөлдерімізді біз емес, режиссер таңдайды. Сондықтан берілген рөлді барынша зерттеп, оны мінсіз орындап шығуға міндеттіміз.

- Театрдың жұмыстары сабағыңызға әсер етпей ме?

- Жоқ! Екеуін бірге алып жүруге әбден болады. Көп студенттер уақыт жетпейді деп айтып жатады. Сабақ мен үшін әрдайым бірінші орында. Бірақ адам бір істі жақсы көрсе, сол үшін әрдайым уақыт табады.

- Бұдан басқа немен әуестенесіз?

- Театрдан кейін мен үшін футбол екінші орында. Актер болған соң әдеби кітаптарды оқимын. Жиі театрға барып тұрамын, Дәурен Сергазиннің спектакльдерін ләззаттана тамашалаймын.

- Болашақта қандай саланың тұтқасын ұстағыңыз келеді?

- Әрине өз мамандығыммен жұмыс істегім келеді, дегенмен

театрды да тастамаймын! Бұл орайда бәріне уақыт табуға болады деп ойлаймын. Одан бөлек режиссура саласында да бағымды сынап көргім келеді.



- Өнерлі студенттерге қандай ақылыңыз бар?

- Мен де жаспын, бірақ қазіргі жастарды көріп ішім ашиды. Ұлы тұлғаларды, тарихты ұмытқан, білмейтін қыз-жігіттер кастингке келіп жатады. Ең бірінші оқуға талпыну керек. Бірнеше қызметті қатар алып жүруге де болады. Бастысы – ерінбеу керек. Жалқаулық – жаман әдет. Біздің университетте өнерлі

студенттер көп, оларға айтарым:

Өнермен тудың ба?

Онымен өмір сүр!

Өнерді үйренгің келе ме?

Оны дамыта түсір

Өз ішіндегіні құлыптауға болмайды, оның кілтін тап.

- Әңгімеңізге көп рақмет! Сұхбат сондай әсерлі болды.



Үкілім Молдабай, «New Press» тілшісі

ҚазАТУ балық аулау сайысын өткізді

23 ақпанда ҚазАТУ-да балық аулау мерекесі болды. Бұл шараны бірінші рет ұйымдастырып отырған – университетіміздің ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті. Ал қаржылай қолдау көрсетуші ҚазАТУ-дың Кәсіподақ ұйымы болды. Табиғат аясындағы ерекше демалыстың өткізілуін бірден қолдап, оған септігін тигізген университет әкімшілігі атап айтқанда, Басқарма төрағасының орынбасарлары Айтжан Мұхамеджанұлы мен Қайрат Қапарұлы да қызығы мол мерекенің ортасынан табылды.



Сайысқа барлығы 8 команда қатысты. Атап айтар болсақ, 1- Университет әкімшілігі командасы, 2-Әскери кафедра, 3- Ветеринариялық факультет командасы, 4-Техникалық факультет, 5-Агрономиялық факультет, 6-КСИПО командасы, 7- Экономикалық факультет, 8- Әкімшілік

шаруашылық командалары. Алдымен арнайы белгіленген орындарға жайғасқан қатысушылардың әрқайсысы тек екі ғана мұз ойығы арқылы балық аулау жарысына қатысты. 1-сайыс екі сағатқа созылды. Одан кейін 2-тур – «Бұрғынды бер» эстафетасымен жалғасты. Мұнда қатысушылар белгілі жерге дейін мұз ойығын жасайтын арнайы бұрғыны келесі қатысушыға жеткізіп, кезекпен мәре сызығына жету. 3-тур – шапшаңдық пен ептіліктің сайысы. Бұл жолы қатысушы команда басшылары мұз ойығын бұрғылаудан жарыс өткізді. Осылайша түс ауа аяқталған сайыстың қорытындысын жасау үшін барлығы арнайы тігілген шатыр маңына жиналды. Сәйкесінше ең үздік қатысушылар мен жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Кәсіподақ ұйымының айтуынша сайысқа дайындық кезінде сыйлық ретінде арнайы балық аулау құралдары алынған екен. Балықшы қатысушыларымыздың біріне мұз ойығыш бұрғысы берілсе, енді біріне қармақ пен құрал жабдық жиынтығы салынған жәшік сыйланды. Ал тағы бірі арнайы балық аулауға арналған шатыршаларды қанжығасына байлады.



Жалпы командалық есеп бойынша 1-орын Әкімшілік командасы. 2-орын Шаруашылық, 3-орын Әскери кафедра командаларының қанжығасы майланды. Бұдан бөлек ең үлкен және ең кішкентай балық аулаған қатысушылар да арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Елзат Әділ, «New Press» тілшісі



Наши баскетболисты на пути в финал



Мужская и женская сборные КазАТУ им.С.Сейфуллина по баскетболу ежегодно принимают участие в Национальной Баскетбольной студенческой лиге Казахстана, объединяющие под собой вузы всех городов нашей страны.

В этом году наши сборные начали свой путь в конце октября 2019 года играми против команд столичных университетов как ЕНУ, НУ, КазЭУФМТ и АМУ. Выиграв все встречи, команды КазАТУ вышли в следующий этап игр с первого места. Далее ожидали игры в дивизионе «Центральный», где участниками являются лучшие студенческие коллективы столицы и Караганды.

И так 14 февраля наши дружины отправились в Караганду для участия в первом круге игр против команд Евразийского национального университета, Назарбаев университета, Карагандинского государственного университета, Карагандинского экономического университета Казпотребсоюза, Карагандинского медицинского университета, Медицинского университета «Астана». Игры проходили пять дней, по одной игре в день у каждой команды по круговой системе. В итоге выездных игр обе наши команды уверенно возглавили таблицу дивизиона «Центральный» с пятью победами, тем самым обеспечили себе путевку на финал Национальной студенческой лиги в апреле в г. Тараз. Финал же включает из себя турнир из 16 лучших мужских команд и 8 лучших женских команд страны. Напомним, победительницами прошлогоднего Финала стала наша женская команда во главе с нашим тренером Шкурковым А.С.

В свою очередь спешим обрадовать наших болельщиков о том, что матчи второго круга дивизиона «Центральный» пройдут уже с 11 по 16 марта 2020 года либо в спортзале главного корпуса КазАТУ, либо в спортзале Назарбаев Университета. Надеемся на мощную поддержку студентов и руководства университета во время мартовских игр. Приглашаем всех любителей зрелищной игры на наши игры! ТОЛЬКО АГРАРКА – ТОЛЬКО ПОБЕДА!

Подписывайтесь на нашу страницу в инстаграм @kazatu_tigers. Всю информацию и фото Национальной баскетбольной студенческой лиги можете узнать на официальном сайте nbsl.kz.

Данияр Мурзагулов, магистрант 1 курса энергетического факультета

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,

16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.

Редакторы - Б. Хабай, шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Р. Есенгелдіқызы,


Дизайн және беттеуші - С.С. Романенко,

редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.



 Scan me